



# Жастар саясаты



# Жастар саясаты



- **Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаты: жастардың азаматтық, әлеуметтік дербес тұлғалық қалыптасуын жүзеге асыру үшін қажет құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасау мен нығайту.**



1. Жастар бойынша патриотизмді қалыптастыру, жастардың ізгілікті әрі рухани дамуы

2. Еңбек, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету.

3. Жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін дербес жүзеге асыруына жағдай жасау.

**Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру жастар саясатының мына бағыттарына басылымдық беруді**

4. Жастардың денесін шынықтырып, интеллектуалдық дамуына жағдай жасау

5. Жастардың қоғамдық игі бастамаларын қолдау мен ынталандыру.

6. Қазақстандық жастарды халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру процестеріне тарту

# Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары:

1. Жастардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету.

2. Білім, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кепілдіктермен қамтамасыз ету.

3. Жастардың кәсіптік, рухани және дене тәрбиесінің дамуына жағдай жасау.

4. Жас таланттарды қолдау мен шыңдау

5. Жастарға әлеуметтік көмек көрсету мен қазіргі жағдайға бейімделу жүйесін қалыптастыру.

6. Балалар мен жастар бірлестіктерін дамытуға жәрдемдесу



**Әлемде БҰҰ-ның мәліметі  
бойынша, 15-пен 24 жас  
аралығындағы жас азаматтар  
1,3 миллиард шамасында**





**ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес 14 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарды жастар деп атау қабылданған.**





**Бұл жастағы адамдар тобы еліміздегі тұрғындар санының 27,4% (4 510 435 адам) құрайды және өте маңызды болып табылады, тіпті оларды қоғамдағы ең шешуші звено деп айтуға болады.**





**ҚР-да 2009 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша 14-пен 29 жас аралығындағы жастардың саны 4 510 435 адамды, яғни жалпы халық санынан алғанда 27,4%-ды құрады**







**Бәрімізге мәлім, соңғы жылдары мемлекетімізде жастармен белсенді түрде жұмыстар жүргізілуде – жастардың жаңа қоғамдық бірлестіктері құрылды.**





**. Осы ретте, жастар саясаты  
бүгінгі күні жас ұрпақтың  
қоғамдық өмірге әлеуметтік  
кірігуінің бірден-бір мүмкін  
боларлық тетігі болып  
табылады.**





**Зерттеу жұмысының негізгі  
аспектісі ретінде  
жастардың тұрақты  
әлеуметтік-экономикалық  
қамсыздандыру мәселесі  
алынды.**





**Жастар саясатын жүйелі жүргізу қажеттілігі өзінің әлеуметтендіру процесінде жас адамның кезігіп отыратын өмір қиыншылықтарымен айқындалады.**





**Жастар өзінің біліктілігі  
және кәсіби даярлығы  
деңгейінің төмендігіне  
байланысты халықтың аз  
қорғалған бөлігі болып  
табылады.**





**Жұмыссыздық және рухани шектелу қылмыс, нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік және осы сияқты әлеуметтік құбылыстардың таралуы - олардың басты факторы болып отыр.**





**Біз, өз қатарында мыңдаған жастарды біріктіріп отырған «Жас Отан» жастар қанаты, Қазақстан Жастар конгресі, Студенттер альянсы, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары, Жұмысшы жастар одағы мен Ауыл жастарының одағы атынан Қазақстан халқы Ассамблеясында Елбасының жастар саясаты саласын қолдайды.**





**Елбасы жетекшілік жасайтын  
«Нұр Отан» ХДП елімізді  
көшбасшылыққа және өркениетті  
мақсаттарға қол жеткізуге  
дайындықты өз бойымызда  
қалыптастырып, жастарымызды  
отансүйгіштікке тәрбиелеуге  
айрықша күш салып отыр.**

